

## Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы ережелеріне қойылатын негізгі талаптар

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1997 жылғы 27 тамыз N 3-П. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 12 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 367. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 138 қаулысымен.

Ескерту: Құжаттың, жалпы ережелердің атауындағы, кіріспедегі "Ережелер" деген сөз "Зейнетақы ережелері" сөздермен ауыстырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.03.09. N 29 бұйрығымен .

К е л і с і л г е н

Қазақстан	Республикасының		
Еңбек	және	халықты	әлеуметтік
қорғау	министрі		

-----  
1997 жылғы 27.08

Қазақстан	Республикасының			
Еңбек	және	халықты		
әлеуметтік	корғау			
министрлігі	Ұлттық			
зейнетақы	агенттігінің			
1997	жылғы	27.08.	N	3 - П
бұйрығымен				
бекітілген				

Жинақтаушы зейнетақы қорының ережелеріне қойылатын негізгі талаптар "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N , -бап) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында өз қызметін жүзеге асыруши барлық жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін міндетті болып табылады.

### **1. Зейнетақының жалпы ережелері**

1.1. Жинақтаушы зейнетақы қорының ережелері (Бұдан әрі - Қордың ережелері) - жинақтаушы зейнетақы қорының (бұдан әрі - Қор), оның

Салымшылары мен Алушыларының құқықтары мен міндеттерін айқындайтын күжат.

1.2. Қордың ережелері Салымшы мен Алушының мұдделеріне нұксан келтірмеуге тиіс.

1.3. Әрбір қор Қордың ережелерін "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңың (бұдан әрі - Зан) 29-бабының 2-тармағына және жинақтаушы зейнетақы қорының ережелеріне қойылатын негізгі талаптарға (бұдан әрі - Негізгі талаптар) сәйкес дербес әзірленуі тиіс. Қордың ережелері Қордың Жарғысында айқындалған тәртіппен қабылданады және оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) бекітеді.

1.4. Агенттік Қорлардың бекітілген Ережелерінің тізілімін жүргізеді.

## 2. Зейнетақы Ережелерінің мазмұны

Қордың Зейнетақы Ережелерінде мынадай бөлімдер қамтылуы тиіс:

2.1. Қордың атауы және деректемелері, құрылтайшылар, кастодиан-банкі және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компания туралы мәліметтер

**Ескерту. 2.1-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агентінің 1998.03.09. N 29 бұйрығымен .**

Бөлімнің мазмұны мынадай болуға тиіс.

"1. Қор туралы мәліметтер:

Атауы \_\_\_\_\_

Орналасқан жері \_\_\_\_\_

Банк реквизиттері \_\_\_\_\_

2. Қордың құрылтайшылары туралы мәліметтер:

a) Заңды тұлғалар

Рет N	Атауы	Орналасқан жері	Қызметі түрі	Жарғылық капиталдағы	Улесі
_____	_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____

б) Жеке тұлғалар

Рет N	Аты-жөні	Орналасқан жері	Жұмыс орны	Жарғылық капиталдағы
_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____

---



---



---



---

3. Кастодиан-банкі және зейнетақы қорларын басқару компаниялар  
( З К Б К )

---

Атауы		Кастодиан
		шарттын жасасу
		күні

---

1 . Кастодиан - банкі

---

2 . З К Б К

---

2.2. Зейнетақы шарттарын жасасудың тәртібі  
Бұл бөлімде мынадай шарттар көрініс табуы тиіс:

а) міндettі зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы зейнетақы шартын Қор дербес, не Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіппен шартты дербес жасауға құқығы бар жеке тұлғамен зейнетақы шарттарын жасау жөніндегі қордың Агенттері (бұдан әрі - Қордың Агенттері) арқылы жасалуы тиіс;

б) ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы зейнетақы шартын Қор дербес өзі, не Қордың Агенттері арқылы:

- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіппен шартты дербес жасауға құқығы бар жеке тұлғамен;

- үшінші тұлғаның пайдасына заңды немесе жеке тұлғамен жасауы тиіс;

в) Қордың атынан зейнетақы шарттарын жасауға уәкілетті Қордың агенті заңды немесе жеке тұлға болуы мүмкін;

г) Қор Агентінің қызметі Қормен жасасылған шартқа сәйкес жүзеге асырылады;

д) Қор Қордың Агентіне - жеке тұлғаға зейнетақы шарттарын жасауға сенімхат беруі тиіс;

е) Қордың Агенті өзімен шарт жасасқан Қордың атынан ғана зейнетақы шартын жасасуға құқылы;

ж) ашық жинақтаушы зейнетақы қорлары Салымшымен зейнетақы шарттарын жасасудан бас тартуға құқылы емес;

3) корпоративті жинақтаушы зейнетақы қорлары Салымшылардан корпоративтік қордың ұйым - құрылтайшыларының қызметкерлерінен зейнетақы шарттарын жасаудан бас тартуға құқығы жоқ;

и) зейнетақы шарты міндettі зейнетақы жарналары үшін 1-қосымшаға және ерікті зейнетақы жарналары үшін 2-қосымшаға сәйкес үлгі шарт нысаны бойынша **құрастырылады**;

к) әрбір зейнетақы шарты қазақ немесе орыс тілдерінде үш данада жасалады, ол тігіліп, тараптар қол қояды, Қордың мөрімен бекітіледі;

л) зейнетақы шартына қол қойылған соң Салымшыға нақты жинақтаушы зейнетақы қорының (кімнің есебінен екендігі көрсетілсін) 3-қосымшаға сәйкес ақпараты бар Салымшының Есеп кітапшасы беріледі;

м) Салымшының Есеп кітапшасы жойылған жағдайда Салымшының өтінішінің негізінде оған Қор дубликат (кімнің есебінен екендігі көрсетілсін) беруге **міндettі**.

**Ескерту. 2.2-бөлім өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агентінің 1998.03.09. N 29 бұйрығымен .**

**2.3. Зейнетақы шарттарының қолданылуын өзгертудің немесе тоқтатудың тәртіби**

Бұл бөлімде мынадай шарттар көрініс табуы тиіс:

а) шарт Алушының өтінішінің негізінде ғана бұзылына алады. Салымшының зейнетақы жарналарын енгізуі тоқтатуы Қормен шартты бұзуға себеп болып табылады ;

б) Қор зейнетақы жарналары зейнетақы шарттарына сәйкестікте енгізілмеген, Салымшы зейнетақы жарналарын енгізуі тоқтатқан жағдайларда, немесе басқа да негіздер бойынша зейнетақы шартын өзгерістер енгізуі талап етуге құқылы;

в) Қор Алушының Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде тұрақты тұруға кеткен жағдайда, осы ниетін растайтын құжаттардың негізінде зейнетақы жинауларын бере отырып шартты бұза алады.

**Ескерту. 2.3-бөлім өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агентінің 1998.03.09. N 29 бұйрығымен .**

**2.4. Зейнетақы жарналары мен төлемдерін жүзеге асырудың тәртібі**

Зейнетақы жарналары мен төлемдерін жүзеге асырудың тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің белгіленген тәртібіне және зейнетақы шартына сәйкес болуы **тиіс**.

Бұл бөлімде зейнетақы төлемдерін тағайындауға арналған өтінішті Алушы қай мерзімде жасауға тиісті екендігін көрсету қажет.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін Алушының мұрагерлеріне немесе Алушыға зейнетақы жинақтарын төлеген жағдайда, Қор зейнетақы шартын бұзған күннен бастап 7 банк күні ішінде аударым жөніндегі

операцияларды алушының қаражаты есебінен  
жүзеге асырады.

**Ескерту. 2.4-бөлім толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттінің 1998.03.09. N 29 бұйрығымен .**

**2.5. Қордың Алушылар мен Салымшылардың алдындағы міндеттемелері бойынша жауапкершілігі**

Бұл бөлімде мынадай шарттар көрініс табуы тиіс:

а) Қор Салымшылар мен Алушылардың алдында өзінің міндеттемелері бойынша өзінің барлық мүлкімен жауапкершілікте болады;

б) Қордың басшы қызметкерлері Салымшылар мен Алушылардың алдында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады;

в) Салымшылар мен Алушылар жинақтаушы зейнетақы қорларының Салымшылар мен Алушылардың міндеттемелері бойынша жауап бермейтіні секілді жинақтаушы зейнетақы қорларының міндеттемелері бойынша да жауап бермейді.

**2.6. Жинақтаушы зейнетақы қорларының Салымшыларды және Алушыларды ақпараттандыруы**

Бұл бөлімде мынадай шарттар көрініс табуы тиіс:

а) Қор салымшыларды және алушыларды олардың жинақталған зейнетақы қаражаттарының жай-күйі туралы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және шарттармен жылына бір рет ақпараттандыруға міндетті;

б) зейнетақы жинауларының жай-күйі туралы, сондай-ақ зейнетақы жинаулары басқа жинақтаушы зейнетақы қорға аударылған жағдайда Қор Салымшыға және Алымшыға ақыға кез келген талап бойынша қосымша ақпарат беруі тиіс;

в) Қор өзінің барлық Салымшылары мен Алушыларын тапсырысты хатпен жазбаша хабарландыру жолымен Агенттіктен қайта ұйымдастыруға рұқсат алған күннен бастап екі аптаның ішінде, таратуға - он күннің ішінде алдағы болатын қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы хабарландыруы тиіс.

**Ескерту. 2.6-бөлімнің атавы және мәтіні өзгертилді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттінің 1998.03.09. N 29 бұйрығымен , 1998 жылғы 18 желтоқсандағы N 174-П бұйрығымен .**

**2.7. Зейнетақы жинақтарын Қордан басқа жинақтаушы зейнетақы қорына аудару шарттары**

Бұл бөлімде мынадай шарттар көрініс табуы тиіс:

а) Салымшы/Алушы өзінің зейнетақы жинауларын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқасына жылына екі реттен аспайтын жиілікте аударуға құқығы бар ;

б) Салымшы/Алушы Қорға тегін, атын, әкесінің атын, әлеуметтік жеке кодының нөмірін, жеке зейнетақы шотының нөмірін, сондай-ақ зейнетақы жинауларын аударатын Қордың реквизиттерін көрсете отырып зейнетақы жинауларын аудару туралы өтініш беруі тиіс;

в) Қор инвестициялық кірісті есептеудің соңғы күніндегі зейнетақы жинауларының барлық сомасын шарт бұзылған күннен бастап жеті банк күнінің ішінде басқа жинақтаушы зейнетақы қорғау аударуға (кімнің есебінен екендігі көрсетілсін) міндетті;

г) Қор Салымшының Есеп кітапшасына зейнетақы жинауларының аударылғандығы туралы тиісті белгі жасауы керек;

д) Қор зейнетақы жинақтарын дер уақытында аудармаған жағдайда Агенттік заңдарға сәйкес ықпал ету шараларын қолданады;

е) Қор қайта ұйымдастырылған немесе таратылған кезде зейнетақы жинаулары "Жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастырудың және таратудың тәртібі туралы" ережеге сәйкес жүргізіледі.

**Ескерту. 2.7-бөлімнің атавы және мәтіні өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агентінің 1998.03.09. N 29 бұйрығымен .**

2.8. Қордың, Салымшы мен Алушының арасындағы құқықтық қатынастардың өзге ерекшеліктері

Бұл бөлімде мынадай шарттар көрініс табуы тиіс:

а) Алушы қайтыс болған жағдайдағы зейнетақы жинауларын мұралаудың шарттары:

- Алушы қайтыс болған жағдайда оның отбасына не Алушыны жерлеген адамға Қор он бес есе айлық есепті көрсеткіштің шегінде бірақ жеке зейнетақы шотындағы қаражаттан аспайтын мөлшерде жерлеуге бір жолғы төлем жасайды;

- Салымшы/Алушы қайтыс болған жағдайда мұраға алатын сома оны алған жағдайда жерлеуге арналған бір жолғы төлемді шегеріп тастағандағы инвестициялық кірісті есептеудің соңғы күніндегі зейнетақы жинауларының сомасына тен болады;

зейнетақы жинауларын мұралау туралы мәселелені шешу кезінде туындастын барлық мәселе Азаматтық кодекстің қолданылып жүрген нормаларымен реттеледі;

б) Салымшы/Алушы мүгедек болған жағдайда ерікті зейнетақы жарналарының есебінен берілетін зейнетақы төлемдері Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген жинақтаушы зейнетақы қорларынан берілетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асырудың тәртібімен белгіленеді;

в) Қазақстан Республикасынан сыртқа кететін азаматтарға зейнетақы төлеудің тәртібі мен шарттары.

Қазақстан Республикасынан тұрақты тұруға сыртқа кетуші азаматтарға зейнетақы төлеудің тәртібі мен шарттары жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлеуді жүзеге асырудың Тәртібіне сәйкес жүргізуі тиіс.

**Ескеरту. 2.8-бөлім өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агентінің 1998.03.09. N 29 бұйрығымен .**

### **3. Қордың ережелерін бекітудің тәртібі**

3.1. Қордың ережелері лицензия алу үшін қажет құжаттардың қатарында ұсынылады және құрылтайшылардың/акционерлердің жалпы жиналышының шешімімен бұл туралы оң жақтағы жоғары бұрышқа белгі салынып, хаттаманың нөмірі және бекітілген күні көрсетіле отырып бекітілуге тиіс.

**Ескерту. 3.1-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.03.09. N 29 бұйрығымен .**

3.2. Агенттік екі апта мерзімде Қордың жоғары басқару органы ұсынған құжаттарды қарайды, мынадай тұжырымдамамен Қордың Ережелерін бекіту туралы шешім шығарады: "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігі бекіткен. Ұлттық зейнетақы агентінің директоры. Бұйрықтың шығарылған күні, нөмірі", сөйтіп Агенттік директорының қолымен және мөрімен расталады.

3.3. Бас тартылған жағдайда Қор Агенттіктің дәлелді қорытындысын алады. Бекітуден бас тартуға Қор Ережелерінің заң актілерінің талаптары мен осы Негізгі талаптарға сәйкес келмеуі негіз болып табылады.

3.4. Қор Агенттіктің ескертпелерін ескере отырып пысықтаған соң құжаттарды бекітуге қайта жіберуге құқылы.

3.5. Қор Агенттіктің іс-әрекетіне сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

### **4. Қордың ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуіндегі тәртібі**

4.1. Қордың жоғары басқару органы Қордың Ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған жағдайларда Агенттікten м ы на л а р т а п с ы р ы л у ы қ а ж е т :

- қорларында басшылық қол қойылған фирмалық бланкідегі Қордың Ережелеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы жазбаша өтініш;

- Қордың өзгерістер мен толықтырулар бар Ережелері.

**Ескерту. 4.1-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.03.09. N 29 бұйрығымен .**

4.2. Қордың Ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар, егер олар Салымшылар мен Алушылардың мүліктік жағдайын нашарлатпайтын болғанда жол беріледі.

4.3. Қордың Ережелеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар оларды Агенттік бекіткен күннен бастап он күннің ішінде жазбаша хабарлама арқылы Салымшылар мен Алушыларға жіберіледі.

**ЕСКЕРТУ.** 4.3-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.03.09. N 29 бұйрығымен .

## 5. Қордың Ережелерінің қолданылуының тоқтатылуы

5.1. Қордың Ережелерінің қолданылуы заңды тұлға ретіндегі Қордың қызметі тоқтатылған кезде тоқтатылады, бұл туралы Агенттік Қордың бекітілген Ережелерінің тізіліміне тиісті белгі соғады.

## 6. Қорытынды Зейнетақы ережелері

6.1. Агенттік бекіткен Қордың Ережелері Алушы/Салымшы көре алатын жерде Қордың үй-жайында ілініп қойылады.

6.2. Қордың қызметіне салық салу қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

6.3. Қор заңда белгіленген тәртіpte қаржы қызметі бойынша есепті жүзеге асырады және есеп беруді жүргізеді.

6.4. Ашық жинақтаушы зейнетақылық қордың қаржы жылышындағы қызметінің нәтижелері бойынша қаржы есебі республикалық басылымдарда есепті жылдан кейінгі жылдың 15 наурызына дейін жариялауға жатады.

**Ескерту.** 6.4-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.03.09. N 29 бұйрығымен .

6.5. Қордың ережелерін қолдануға байланысты Қордың және Салымшының/Алушының, не оның мұрагерлерінің арасындағы туындаған даулар заңда көзделген тәртіппен шешіледі.

1-қосымша

**Ескерту.** 1-қосымша өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.03.09. N 29 бұйрығымен .

**Міндетті зейнетақы жарналарының есебінен  
зейнетақымен қамсыздандыру туралы  
ҰЛГІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ШАРТЫ**

199\_\_ жылдың "\_\_\_"

(елді мекеннің атауы)

N\_\_\_\_ әлеуметтік жеке коды

N\_\_\_\_ әлеуметтік жеке шоты

Бір тараптан, жарғының және зейнетақы жарналарын тарту мен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға байланысты қызметке 199\_\_ жылы "\_\_\_" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) берген N \_\_\_\_\_ лицензияның негізінде \_\_\_\_\_

(лауазымы, Т.А.Ә.)

атынан іс-әрекет ететін бұдан әрі "Кор" деп аталатын \_\_\_\_\_  
жинақтаушы зейнетақы қоры

(қордың атауы мен мекен-жайы)

мен, екінші тараптан, бұдан әрі "Салымшы" деп аталатын азамат

(тегі, аты, әкесінің аты толық және туған күні толық көрсетілсін жеке басының куәлігі (төлкүжат) сериясы \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ мына туралы Зейнетақы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

### 1. Шарттың нысанасы

Кор мен сонымен қатар Алушы болып табылатын Салымшы осы Шарттың жағдайында міндettі зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру жөнінде өздеріне тиісті міндettемелер қабылдайды.

**Ескерту. 1-бөлім өзгертілді - КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.03.09. N 29 бұйрығымен .**

### 2. Тараптардың құқықтары мен міндettтері

2 . 1 . К о р :

- осы Шартта айқындалған, бірақ заңдарда белгіленетін шекті шамадан аспайтын мөлшерде комиссиялық сыйақылар алуға;

- салық органдарына Алушының зейнетақы жарналары жөніндегі міндettемелерін атқармаудына байланысты өтініш жасауға құқығы бар.

К о р :

- міндettі зейнетақы жарналарын қабылдауға;

- Алушының зейнетақы жинауларын қалыптастыруға және зейнетақы активтерін тек уәкілдеп банк-кастодиандағанда сақтауға;

- Алушының зейнетақы жинауларының және оған жүргізілген төлемдердің

**жеке есебін жүзеге асыруға;**

- "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заның 32-бабының 2-тармағына сәйкес инвестициялық қызметті дербес (Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры үшін) жүзеге асыруға немесе "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заның 41-бабының 7-тармағына сәйкес Алушының зейнетақы жинауларына инвестициялық кірісті есептей отырып зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға арналған зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен шарттар жасауға (мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін);

- зейнетақы жинауларының нақты құны азайған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен инвестиациялық кірістің шығынын өтеуге (корпоративті жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін);

**Алушыға Қордың қаражатының есебінен Алушының Есеп кітапшасына белгі жасай отырып жылына бір рет зейнетақы жинауларының жай-күйі туралы ақпарат беруге;**

- Алушының кез келген талабы бойынша осы қызметтерді көрсетуге арналған іс жүзіндегі шығындардан аспайтын ақыға зейнетақы жинауларының жай-күйі туралы қосымша ақпарат беруге;

- өзінің барлық Алушыларын тапсырысты хатпен жазбаша хабарландыру жолымен Агенттіктен қайта ұйымдастыруға рұқсат алған күннен бастап екі апта ішінде және тарату үшін - он күннің ішінде алдағы болатын қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы хабарландыруға;

**Алушының зейнетақы жинауларының жай-күйі туралы ақпараттың құпиялығын сактауға;**

- Алушының өтініші бойынша инвестиациялық кірісті есептеудің соңғы күніндегі зейнетақы жинауларының бүкіл сомасын зейнетақы шарты бұзылған күннен бастап жеті банк күннің ішінде басқа жинақтаушы зейнетақылық қорғау аударуға;

- Алушыларға олар зейнетақы жасына жеткен кезде және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен "Жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асырудың тәртібімен" белгіленген талаптарға сәйкес және өзге жағдайларда зейнетақы төлемдерін жүргізуғе;

- Алушы қайтыс болған жағдайда оның жеке зейнетақылық шотында жатқан барлық сома Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес шарт бұзылған күннен бастап 7 банк күні ішінде Алушының мұрагеріне мұрагердің қаражаты есебінен төленсін.

- Алушы Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін жағдайда, зейнетақы шартын бұзған күннен бастап 7 банк күні ішінде аударым жөніндегі операциялар Алушының қаражаты есебінен жүзеге асырылсын.

- жылдың қаржы есептерінің деректері бойынша өзінің қызметіне аудиторлық тексерістерді жүзеге асыруға;

- Алушыға шарт жасасылған соң зейнетақы жинауларына мұліктік құқықты куәландыратын Қордың Алымшының Есеп кітапшасын (жоғалған жағдайда - оның дубликатын) беруге міндettі.

**Ескерту. 2.1-тармақтың "Кор" бөлімшесі өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.03.09. N 29 бүйрығымен .**

#### С а л ы м ш ы :

- өзінің зейнетақы жинаушыларының жай-қүйі туралы кез келген уақытта ақпарат алуда ;

- Қордың іс-әрекетіне сот тәртібімен шағымдануға;

- зейнетақы жасына жеткен кезде және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген жағдайларда Қордан зейнетақы төлемдерін алуда ;

- осы Шартты, егер шартты бұзу Қорларда күнтізбелік жылдың ішінде екі реттен аспайтын болса, өзінің зейнетақы жинауларын басқа жинақтаушы зейнетақылық қорғау аудара отырып біржақты тәртіппен бұзуға;

- Алушы қайтыс болған жағдайда, зейнетақылық жинақтар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіппен мұралыққа өтеді ;

- осы Шартты Қазақстан Республикасынан тысқары жерде тұрақты тұруға кетуі жағдайында аталған ниетін тиісті құжаттармен растай отырып, өзінің зейнетақы жинауларын алып, біржақты тәртіппен бұзуға құқығы бар.

#### С а л ы м ш ы :

- заңдарға және осы шартқа сәйкес 19\_\_ жылдың \_\_\_\_\_ бастап міндettі зейнетақы жарналарын енгізуғе;

- Қорға 10 күн ішінде Қордың тарапынан міндettемелерін орындауына әсер ететін өзгерістер туралы хабарлауға;

- Қорға осы шартты бұзыу туралы осы Шартпен жол берілетін мерзім өткен соң, осы шартты бұзудың күніне дейін 15 күннен кешіктірмей біржақты тәртіппен бұзыу туралы хабарлауға;

- Қордың Ережелерімен танысуға және оларды Шарттың қолданылуының бүкіл мерзімі ішінде сақтауға міндettі. Қордың Ережелерімен таныстым \_\_\_\_\_  
— — — — ( и ә , ж о к ) ;

**Ескерту. 2.1-тармақтың "Салымшы" бөлімшесі өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.03.09. N 29 бүйрығымен .**

2.2. Осы Шартқа қол қойылған соң үш күннің ішінде Алушы өзінің жұмыс

берушісіне осы Шартқа қол қойылған күн, өзінің әлеуметтік жеке кодының номірі, жеке зейнетақы шоты мен қордың реквизиттері туралы хабарлайды, сондай-ақ осы Шарттың үшінші данасын береді. Аталған іс-әрекеттер Алушының тапсырмасын және осымен бір мезгілде міндettі зейнетақы жарналарының мөлшерін ұстауға үйым-жұмыс берушіге өкімін де білдіреді.

**Ескерту. 2.2-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.03.09. N 29 бұйрығымен .**

2.3. Зейнетақы төлемдерін алудың тәртібі зейнетақы төлемдерінің сәтінде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады.

### **3. Зейнетақы жарналарын енгізуіндегі тәртібі мен шарттары**

3.1. Міндettі зейнетақы жарналары осы Шарт бойынша Алушы ай сайын - жұмыс берушілерден оларды ұстап қалу жолымен, сондай-ақ осы Шартта көрсетілген Қордың банк шотына аударыла отырып дербес енгізіледі.

**Ескерту. 3.1-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.03.09. N 29 бұйрығымен .**

3.2. Міндettі зейнетақы жарналары заң актілерімен айқындалған тәртіппен зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын Салымшының кірістерінен 10 процент, бірақ ең төменгі еңбекақы мөлшерінің он процентінен төмен емес мөлшерде айқындалады.

### **4. Міндettемелердің орындалмауы жағдайындағы тараптардың жауапкершілігі**

4.1. Осы Шарт бойынша қабылданған міндettемелердің атқарылмағаны немесе тиіссіз түрде атқарылғаны үшін тараптар осы Шартта және қолданылып жүрген заңдарда көрсетілген тәртіппен жағдайларда жауапкершілікте болады.

4.2. Алушыға зейнетақы жинауларының жай-күйі туралы есептер беруден бас тартқаны үшін Қор әрбір бас тартудың фактісі үшін айыппұлды төлеу сәтінде заң актілерімен белгіленген ең төменгі есепті көрсеткіштердің \_\_\_\_\_ мөлшерінде айыппұл түрінде жауаптылықта болады.

**Ескерту. 4.2-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.03.09. N 29 бұйрығымен .**

4.3. Зейнетақы төлемдерін (зейнетақы жинақтарын беруді немесе аударуды) кешіктірген жағдайда Қор Алушының пайдасына әрбір кешіктірілген күн үшін кідіртілген төлем (аударым) сомасының \_\_\_\_\_ % есебінен өсімақы төлеуге міндettі. Өсімақыны төлеу Қордың іс жүзіндегі зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі міндettемелерін атқарудан босатпайды.

**Ескеरту. 4.3-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.03.09. N 29 бүйрығымен .**

4.4. Тараптар форс-мажор жағдаяттары болған кезде жауапкершіліктен босатылады, бұған соғыстар, табиғи зілзалалар, жаппай тәртіпсіздіктер, белгіленген тәртіппен жарияланған төтенше жағдайлар мен тараптардың шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін атқару орындарында болатын және болған және оларды атқаруға кедергі жасайтын және тараптардың ерік-жігеріне қатысы жоқ **жағдайлар танылады.**

4.5. Осы Шартпен реттелмеген жауапкершілік мәселелері Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес регламенттеледі.

## **5. Шартты өзгертудің және бұзудың тәртібі мен ережелері**

5.1. Осы Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша заңмен айқындалмаған позициялар бойынша ғана (өзгерістердің мүмкіншілігі) және оларға толықтырулар заңдарға қайшы келмейтін позициялар бойынша ғана (толықтырулардың мүмкіншілігі) жазбаша түрде өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін .

5.2. Шартқа Алушының құқықтарын қозғайтын өзгерістер мен толықтырулар Алушының жазбаша келісімі болған кезде ғана күші бар.

5.3. Осы Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша, сондай-ақ қабылдаған міндеттемелерді тараптардың сотының шешімі заңды күшіне енуінің негізінде мерзімінен **бұрын бұзылуы мүмкін.**

Осы шарт біржақты тәртіппен салымшының бастамашылығы бойынша ғана, сондай-ақ Алушы корпоративті Қордың ұйым-құрылтайшысымен немесе акционерімен еңбек келісімін үзген жағдайда, корпоративті Қордың бастамашылығы бойынша біржақты тәртіппен бұзылуы мүмкін.

**Ескерту. 5.3-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.03.09. N 29 бүйрығымен .**

5.4. Зейнетақы журналары Шартпен сәйкестікте енгізілмеген, зейнетақы журналарын енгізу тоқтаған немесе тоқтатыла тұрған жағдайларда Қор Шартқа өзгерістер енгізуді талап етуге құқылы.

## **6. Шарттың қолданылу мерзімі**

6.1. Шарт \_\_\_\_\_ бастап күшіне енеді.

6.2. Шарт тараптар өздерінің міндеттемелерін осы зейнетақы шарты бойынша

толық орындағанға дейін қолданылады.

6.3. Шарт Алушыға зейнетақы жинауларының барлық сомасын төлеген соң өзінің күшін жоғалтады.

## 7. Дауларды шешудің тәртібі

7.1. Тараптардың осы Шарт бойынша реттелмеген дауларын Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандарының негізінде өздерінің құзыретіне сәйкес Қазақстан Республикасының соттары қарайды.

7.2. Осы Шарт бірдей зандық күші бар қазақ және орыс тілдерінде үш данада жасалады. Тараптардың әрқайсысында бір-бір данадан, үшінші дана зейнетақы жарналарын ұстауды жүргізуші ұйым-жұмыс берушіде болады.

## 8. Тараптардың реквизиттері мен қолдары

Ескерту. 8-бөлім өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қоргау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.03.09. N 29 бұйрығымен .

Қ О Р

А Л У Ш Ы Н Й Н

---

---

---

(Қордың, филиалдың,  
өкілдіктің реквизиттері,  
мекен-жайы, телефондары,

е с е п      а    ы    р    ы    с    у  
т   .         б   .         )

(тегі, аты, әкесінің  
аты, мекен-жайы,  
телефондары және т.б.)

\_\_\_\_\_  
(Қордың өкілінің қолы)                  (алушының қолы)  
М.О.

К А С Т О Д И А Н

-----  
-----  
-----

(Кастодианның реквизиттері,  
мекен-жайы, телефондары, есеп шоты)

**Ерікті зейнетақы жарналарының есебінен  
зейнетақымен қамсыздандыру туралы  
ҰЛГІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ШАРТЫ**

**Ескеरту. 2 қосымша өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.03.09. N 29 бұйрығымен .**

199\_\_ жылдың "\_\_\_" \_\_\_\_\_ (елді мекенниң атауы)  
Әлеуметтік жеке  
коды \_\_\_\_\_  
N\_\_\_\_\_ жеке зейнетақы шоты

Бір тараптан, жарғының және зейнетақы жарналарын тарту мен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға байланысты қызметке арналған Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) 199\_\_ жылы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ берген N \_\_\_\_\_ лицензияның негізінде іс-әрекет жасаушы \_\_\_\_\_

атынан бұдан әрі "Кор" деп аталатын \_\_\_\_\_  
мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қоры (қордың атауы мен  
мекен-жайы) мен, екінші тараптан, бұдан әрі "Салымшы" деп аталатын

(ұйымның атауы, мекен жайы, банк реквизиттері - заң тұлғалар үшін:  
тегі, аты, әкесінің аты, мекен-жайы - жеке тұлғалар үшін)  
атынан  
(занды тұлғаның екілі)

(лауазымы, Т.А.Ә.)  
және, үшінші тараптан, бұдан әрі "Алушы" деп аталатын азамат

(Т.А.Ә., тұған күні және орны)

жеке басының қуәлігі (төлкүжат) сериясы \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_  
199\_\_ жылы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ берілген  
(кім және қашан берілген)  
мына туралы Зейнетақы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

## 1 . Ш а р т т ы н ы с а н а с ы

Қор, Салымшы мен Алушы осы Шарттың жағдайында ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру жөнінде өздеріне тиісті міндettемелер алады.

2. Тараптардың құқықтары мен міндettтері

2 . 1 . К о р д ы н :

- осы Шартта айқындалған, заңдарда белгіленетін шекті шамадан аспайтын мөлшерде комиссиялық сыйақылар алуға құқығы бар;

К о р :

- ерікті зейнетақы жарналарын қолданылып жүрген заңдарда және осы Ережеде көзделген тәртіппен қабылдауға;

- Алушының зейнетақы жинауларын қалыптастыруға және зейнетақы активтерін тек уәкілетті банк-кастодиандағанда сақтауға;

- Алушының зейнетақы жинауларының және оған жүргізілген төлемдердің жеке есебін жүзеге асыруға;

- "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңың 41-бабының 7-тармағына сәйкес Алушының зейнетақы жинауына инвестициялық кірісті есептей отырып инвестициялық қызметке арналған зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен шарттар жасауға;

- зейнетақы жинауларының нақты құны азайған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен инвестициялық кірістің шығынын өтеуге (корпоративті жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін);

- Алушыға Қордың қаражатының есебінен Салымшының Есеп кітапшасына белгі жасай отырып жылына 1 рет зейнетақы жинауларының жай-күйі туралы ақпарат беруге;

- Алушының кез келген талабы бойынша осы қызметтерді көрсетуге арналған іс жүзіндегі шығындардан аспайтын ақыға зейнетақы жинауларының жай-күйі туралы қосымша ақпарат беруге;

- Алушыны тапсырысты хатпен жазбаша хабарландыру жолымен Агенттікten қайта ұйымдастыруға рұқсат алған күннен бастап екі апта ішінде және өзінің барлық Салымшыларын тарату үшін - он күннің ішінде алдағы болатын қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы хабарландыруға;

- Алушының зейнетақы жинауларының жай-күйі туралы ақпараттың құпиялығын сақтауға;

- Алушының өтініші бойынша инвестициялық кірісті есептеудің соңғы күніндегі зейнетақы жинауларының бүкіл сомасын зейнетақы шарты бұзылған күннен бастап жеті банк күнінің ішінде басқа жинақтаушы зейнетақылық Қорға аударуға;

- Алушыға олар зейнетақы жасына жеткен кезде, мүгедек болғанда және

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зейнетақы заңдарында көзделген өзге де жағдайларда зейнетақы төлемдерін жүргізуге;

- Алушы қайтыс болған жағдайда оның жеке зейнетақылық шотында жатқан жағдайда оның жеке зейнетақылық шотында жатқан барлық сома Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шарт бұзылған күннен бастап 7 банк күні ішінде Алушының мұрагеріне мұрагердің қаражаты есебінен төленсін;

- Алушы Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін жағдайда, зейнетақы шартын бұзған күннен бастап 7 банк күні ішінде аударым жөніндегі операциялар Алушының қаражаты есебінен жүзеге асырылсын;

- жылдық қаржы есептерінің деректері бойынша өзінің қызметіне аудиторлық тексерістерді жүзеге асыруға;

- Алушыға зейнетақы жинауларына мүліктік құқықты куәландыратын салымшының Есеп кітапшасын (жоғалған жағдайда - оның дубликатын) беруге міндетті;

#### С а л ы м ш ы :

- нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша Алушының атынан іс-әрекет етуғе;

- Қордың іс-әрекетіне сот тәртібімен шағымдануға;

- зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат алуға.

#### С а л ы м ш ы :

- заңдарға және осы Шартқа сәйкес 19\_\_ жылдың \_\_\_\_\_ бастап ерікті зейнетақы жарналарын \_\_\_\_\_

( ай сайын,

мөлшерінде енгізуғе;

тоқсан сайын, жыл сайын )

- Қорға 10 күн ішінде Қордың тарапынан міндеттемелерін орындауына әсер ететін өзгерістер туралы хабарлауға;

- Қордың Ережелерімен танысуға және оларды Шарттың қолданылуының бүкіл мерзімі ішінде сақтауға міндетті. Қордың Ережелерімен таныстым \_\_\_\_\_  
----- ( иә , жоқ );

#### А л у ш ы н ы ң :

- кез келген уақытта өзінің зейнетақы жинауларының жай-күйі туралы ақпарат алуға;

- Қордың іс-әрекетіне сот тәртібімен шағымдануға;

- Шартта көзделген мерзім басталғанға дейін, төлем сәтіндегі қолданылып жүрген зейнетақы заңдарында көзделген тәртіппен мүгедек болған кезде зейнетақы төлемдерін ала бастауға;

- Қазақстан Республикасынан сыртқа тұрақты тұруға кетуі жағдайында аталған ниетін тиісті құжаттармен растай отырып, өзінің зейнетақы жинауларын

алып Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқығы бар;

- осы Шартты, егер шартты бұзу Қорлармен күнтізбелік жылдың ішінде екі реттен аспаған болса, өзінің зейнетақы жинауларын басқа жинақтаушы зейнетақылық қорғау аудара отырып біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

### А л у ш ы :

- Қордың тарапынан міндеттемелерін орындауға əсер ететін өзгерістер туралы Қорға хабарлауға;

- Қордың Ережелерімен танысуға міндетті. Қордың Ережелерімен таныстым (и ә, жоқ);

- Қорды осы шартты бұзыту туралы осы Шартпен жол берілетін мерзім өткен соң, осы Шартты бұзудың күніне дейін 15 күннен кешіктірмей біржақты тәртіппен бұзатыны туралы хабарландыруға;

**Ескеरту. 2.1-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.03.09. N 29 бұйрығымен .**

2.2. Зейнетақы төлемдерін алудың тәртібі зейнетақы төлемдерінің сәтінде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады.

3. Зейнетақы жарналарын енгізуіндегі тәртібі мен шарттары

3.1. Ерікті зейнетақы жарналары осы Шартқа және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес төленеді.

4. Міндеттемелердің орындалмауы жағдайындағы тараптардың жаупкершілігі

4.1. Осы Шарт бойынша қабылданған міндеттемелердің атқарылмағаны немесе тиіссіз түрде атқарылғаны үшін тараптар осы Шартта және қолданылып жүрген заңдарда көрсетілген тәртіппен жағдайларда жаупкершілікте болады.

4.2. Алушыға зейнетақы жинауларының жай-күйі туралы есептер беруден бастартқаны үшін Қор әрбір бас тарту фактісі үшін айыппұлды төлеу сәтінде заң актілерімен белгіленген ең төменгі есепті көрсеткіштердің мөлшерінде айыппұл түрінде жауптылықта болады.

**Ескерту. 4.2-бөлім өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.03.09. N 29 бұйрығымен .**

4.3. Зейнетақы төлемдерін (зейнетақы жинақтарын беруді немесе аударуды) кешіктірілген жағдайда Қор Алушының пайдасына төлеуге ұсталған сомадан әрбір кешіктірілген күн үшін \_\_\_\_\_ % есебінен өсімақы төлеуге (аударым) міндетті. Өсімақыны төлеу Қорды іс жүзіндегі зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерін атқарудан босатпайды.

**Ескерту. 4.3-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.03.09. N 29 бұйрығымен .**

4.4. Салымшының дер уақытында төлемеген ерікті зейнетақы жарналарының сомалары әрбір кешіктірілген күн үшін (төлем жасау күнін қоса алғанда)

төленбеген сомадан \_\_\_\_\_ % мөлшерінде өсімақы есептей отырып Қорға  
енгізу ге жатады.

4.5. Тараптар форс-мажор жағдаяттары болған кезде жауапкершіліктен босатылады, бұған соғыстар, табиғи зілзаларап, жаппай тәртіпсіздіктер, белгіленген тәртіппен жарияланған төтенше жағдайлар мен тараптардың шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін атқару орындарында болатын және болған және оларды атқаруға кедергі жасайтын және тараптардың ерік-жігеріне қатысы жоқ жағдайлар танылады.

4.6. Осы Шартпен реттелмеген жауапкершілік мәселелері Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандарына сәйкес регламенттеледі.

5. Шартты өзгертудің және бұзудың тәртібі мен ережелері

5.1. Осы Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша заңмен айқындалмаған позициялар бойынша ғана (өзгерістердің мүмкіншілігі) және толықтырулар зандарға қайшы келмейтін позициялар бойынша ғана (толықтырулардың мүмкіншілігі) жазбаша түрде өзгертилуі және толықтырылуы мүмкін.

5.2. Шартқа Алушының құқықтарын қозғайтын өзгерістер мен толықтырулар Алушының жазбаша келісімі болған кезде ғана күші бар.

5.3. Осы Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша, соттың занды күшіне енген шешімінің негізінде, сондай-ақ тараптар қабылдаған міндеттемелерін атқармаған жағдайда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

Осы шарт біржақты тәртіппен Алушының да бастамашылығы бойынша бұзилуы мүмкін.

**Ескерту. 5.3-тармақ өзгертилді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетакы агенттігінің 1998.03.09. N 29 бұйрығымен .**

5.4. Зейнетакы жарналарын Шартпен сәйкестікте енгізбеген, зейнетакы жарналарын енгізу тоқтатқан немесе тоқтата тұрған жағдайларда Қор Шартқа өзгерістер енгізууді талап етуге құқылды.

6. Шарттың қолданылу мерзімі

6.1. Шарт 199\_\_\_\_ жылдың "\_\_\_" \_\_\_\_\_ бастап күшіне енеді.

6.2. Шарт тараптар өздерінің міндеттемелерін осы шарт бойынша толық орындағанға дейін қолданылады.

6.3. Зейнетакы шарты Алушыға зейнетакы жинауларының барлық сомасы төленген соң күшін жояды.

7. Дауларды шешудің тәртібі

7.1. Тараптардың осы Шарт бойынша реттелмеген дауларын Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандарының негізінде өздерінің құзыретіне сәйкес Қазақстан Республикасының соттары қарайды.

7.2. Осы Шарт бірдей зандық күші бар қазақ және орыс тілдерінде үш данада

жасалады. Тараптардың әрқайсысында бір-бір данадан болады.

8. Тараптардың реквизиттері мен қолдары  
Ескерту. 8-бөлім өзгертілді - КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау  
министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.03.09. N 29 бұйрығымен .

ҚОР

Салымшы - жеке тұлға

---

---

---

---

---

---

(Кордың, филиалдың,  
өкілдіктің реквизиттері,  
мекен-жайы, телефондары,

(тегі, аты, әкесінің  
аты, мекен-жайы,  
телефондары және т.б.)

есеп айырысу шоты және  
т. . б . )

(Кордың өкілінің қолы)  
М.О.

(салымшының қолы)

АЛУШЫ (салымшы болып  
табылмайтын)

Салымшының - заңды  
тұлға

---

---

---

---

---

---

(тегі, аты, әкесінің  
аты, мекен-жайы,  
телефондары,  
және т.б.)

(салымшының реквизиттері,  
мекен-жайы, телефондары,  
есеп айырысу шоты және

т.б.)

(Кордың өкілінің қолы)  
М.О.

(өкілдіктің қолы)

КАСТОДИАН

---

---

---

(Кастодианның реквизиттері,  
мекен-жайы, телефондары, есеп шоты)

3-қосымша

Мұқабасында:

## Салымшының есеп кітапшасы

Ашық (немесе корпорациялық) үлгідегі мемлекеттік емес

Жинақтаушы зейнетақы қоры

(қордың атауы)

1 - б е т і :

Есеп кітапшасының нөмірі \_\_\_\_\_

Ата тегі, есімі, әкесінің есімі \_\_\_\_\_

Тұған күні \_\_\_\_ Жеке бас куәлігінің (төлқұжатын) нөмірі \_\_\_\_

Берілген күні 19\_\_ ж. "\_\_\_"

Кім берді \_\_\_\_\_

Әлеуметтік жеке кодтың нөмірі \_\_\_\_\_

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша жеке шоттың нөмірі \_\_\_\_\_

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша жеке шоттың нөмірі \_\_\_\_\_

Жинақтаушы зейнетақы қорына алғашқы жарнаның түскен күні

19\_\_ ж. "\_\_\_"

Осы Қормен жасасылған шартқа қол қойылған күн  
19\_\_ ж. "\_\_\_"

2-беті:

Бастапқы жарна туралы ақпарат:

Зейнетақы жарнасының | Күні | Сомасы (тенге есебімен)  
тұрлере i | | | | | |


Міндетті | | | | | |

| | | | | |

З-ші және одан кейінгі беттері:

Қордағы жеке шот

NN | Күні | Міндетті жарналар және Ерікті жарналар және  
| | инвестициялық табыс | инвестициялық табыс

p/c| күні | айы | жылды | кіріс | шығыс | қалдық|кіріс | шығыс| қалдық

С о ц ф ы б е т і :

Жинақтаушы зейнетақы қорының реквизиттері (мекен-жайы, телефондары).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК